



Глава государства принял председателя Комитета национальной безопасности Ермека Сагимбаева

akorda.kz

Президенту было доложено о планах на предстоящий период, принимаемых ведомством мер по обеспечению национальной безопасности с учетом актуальных вызовов и угроз.

Руководитель КНБ сообщил о реализуемых мероприятиях по перспективному развитию органов национальной безопасности, совершенствованию структуры и организации оперативной деятельности.

Касым-Жомарт Токаев был проинформирован о работе по кадровому и техническому укреплению спецслужбы, обновлению нормативной правовой базы, а также оптимизации и цифровизации служебных процессов в КНБ.

Главе государства также были представлены данные о ситуации в сферах противодействия международному терроризму и религиозному экстремизму, организованной преступности, наркобизнесу, обеспечения кибербезопасности, защиты и охраны государственной границы.

По итогам встречи Президент дал ряд поручений по ключевым направлениям деятельности органов национальной безопасности.

РЕФОРМЫ В ДЕЙСТВИИ

В рамках мониторинга



Надежда ЦХАЙ

В конце прошлой недели депутаты О. Баймаганбетов, Ж.Жаяубаев и Я. Савчин провели выездное заседание по улицам нашего города. В ходе заседания был осуществлен мониторинг уличного освещения.



Вместе с представителями Отдела жилищно – коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог, подрядной организации – ТОО «АТ – Сервис» рабочая группа побывала на ряде улиц Сарани, а именно – Шахтерской, Чкалова, Жамбыла, Рабочей, улицах поселка Финский.

От депутатов прозвучал ряд замечаний, касающихся открытых ревизионных люков на опорах освещения, негорящих светоточек и т.д.

Эти вопросы по – прежнему находятся на контроле у депутатов городского маслихата.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ



КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ, КРЕТИВТІ КӨЗҚАРАС

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА


«Сұңқар» стадионында ең креативті, көңілді аққалалар пайда болды. Ал оны қала тұрғындары өз қолымен жасап, безендіре түскен.

16 қаңтар күні «Сұңқар» стадионында «Қысқы қызықтар» атты аққала жасаудан байқау өтті. Оған қала тұрғындары мен ұйымдар қатысып, белсенділігін көрсеткен. Тіпті, осы шараның болатынын естей сала балаларымен келген азаматтарды да кездестірдік.

Қаламызда осындай шара өтіп жатқанын естіп, баламмен бірге келдім. Баламның аққала жасағысы келгендіктен бүгін балабақшадан алып, ең мықты аққала жасауға кірісіп кеттік, - деді «Сұңқар» стадионында футболдан жаттықтырушы Иван Филатов.

Үлкенді-кішілі пішінді, көзі мен мұрны бар, езу тартып тұрған аққаланы жасауға барлығы жұмыла кіріскен. Ұстаздар мен оқушылар біріге отырып, ұшқыр ойларын қосқан. «Қиялда шек жоқ» демекші, олардың қатарында креативті жаңашыл көзқарастан туындаған қар адамдары да болды.

№1 мектеп-лицейі өзінің креативтілігін көрсетіп, әдемі әрі тәтті аққаланы жасады. Оның көзі мен түймелері чупа-чупстан, мұрны қызғылт-сары сәбізден, ал қалғанына өзіміздің қиялымызды қостық, - деді №1 мектеп-лицейінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының



м.а. Галина Кирилко. Қаламызда 2024 жылы дәл осы байқауға ұқсас шара өткен. Алайда, ол кезде саны жағынан көп аққала жасаған ұжым көзге түссе, биыл ең креативті аққалаларға назар аударылды. Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ғалия Тохметованың айтуы бойынша, алдағы уақытта да қыстың қызықтарына арналған іс-шаралар өтеді. Жақын арада спорттық бағытта фестиваль ұйымдастыру да жоспарлануда.

Жақын арада спорттық бағытта фестиваль ұйымдастыру да жоспарлануда.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӘДЕБИ

Әдептілік – мемлекеттік қызметтің басты ұстанымдарының бірі.

Мемлекеттік қызмет жүйесінің қалыптасуында мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігімен қатар, әдептілігі өте маңызды.

Мемлекеттік қызметшілердің моральдық және әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады. Олардың жұмысы, іс – әрекеті мен қызметтік әдебі үнемі бақылауда, халықтың назарында.

Сол себепті, мемлекеттік органдарға қоғам тарапынан сенімді нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған Әдеп кодексінің адамгершілік тарапынан мемлекеттік қызметшілерге берер бағыт-бағдары мол.

Әдеп кодексіне сәйкес, мемлекеттік қызметші барынша сыпайы, адал, сабырлы, ұқыпты, қарапайым болуы қажет, сондай-ақ, шындыққа сәйкес келмейтін ақпараттарды таратпауға, өзінің іс – әрекетімен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға міндетті.

Еліне қызмет етуші маман өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін кәсіби қызметіне жұмсауға мін-

детті, Әдеп кодексінің талаптарын сақтап, тәртіптік теріс қылықтарға жол бермеу керек.

Айта кетейік, Президенттің 2022 жылғы 22 ақпандағы Жарлығымен мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі жаңа редакцияда бекітілді.

Жаңа редакцияда бекітілген Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің менталитетін жаңаша қалыптастыруға зор үлес қосары сөзсіз.

Мемлекеттік қызметтің өзіндік ерекшелігі – мемлекеттік қызметшілердің әдептілігімен қатар, сыртқы келбетіне ерекше талап қойылады. Сондықтан да мемлекеттік қызметшілердің моральдық бет-бейнесі мен әдебіне сырт келбеті де сай болуы қажет.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта да жалпы қабылданған моральдық – әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін жағдайларға жол бермеуі тиіс.

Ал бұл талаптардың сақталуын қарайтын алқалы органдар – Әдеп жөніндегі комиссия және Әдеп жөніндегі кеңес болып табылады.

Аталған органдар отырыстарында мемлекеттік қызмет заңнамасы мен Әдеп кодексінің сақтау, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп норма-

ларын бұзушылықтарын алдын алу, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтары қаралып, тиісті шешімдер қабылданады.

Кеңес бақылауымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауында Әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметі зор.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз құзыреті шеңберінде мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларының сақталуына, ұжымның моральдық-психологиялық жағдайына мониторинг жасау, артық жұмыс атқару фактілерінің алдын алу мақсатында мемлекеттік қызметшілерді қатыстыра отырып, анонимдік сауалнамалар өткізіп, нәтижесі бойынша жергілікті атқарушы мекемелердің басшыларына қажетті шаралар қабылдау жөнінде ұсынымдар жолдап, мемлекеттік қызметтің оң бейнесін қалыптастыруға өз үлесін қосады.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын қадағалайтын заңнама талаптары, алқалы органдар, уәкілетті өкілдердің үздіксіз профилактикалық еңбегі арқасында мемлекеттік қызметшілердің тәртібі жоғарылады деп айтуға болады.

Айтылғанның айғағы - Әдеп жөніндегі кеңес отырыстарында қарастырылатын тәртіптік істердің азаюы.

Мәселен, 2024 жылы Әдеп жөніндегі кеңестің 9 отырысында 48 мәселе қарастырылса, оның ішінде тек 19% не 9 тәртіптік істер, яғни қаралған мәселелердің профилактикалық үлесі 81% құрап отыр.

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметті атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылатындығын және мемлекеттік қызметшілердің моральдық – әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қоятындығын есте сақтауы қажет.

Себебі қоғам, мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны – Қазақстан Республикасына адал қызмет етеді деп сенеді.

Сондықтан, «Мен мемлекеттік қызметшімін» деген кез келген азаматтың әрекеті, тәртібі мінсіз болуы қажет. Әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексі, мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнама талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқаруы керек.

Ж.СӘРСЕН,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы,
Әдеп кеңесінің төрағасы

Хабарландыру!

Құрметті Саран қаласының тұрғындары!

Сіздерге 2025 жылғы 20 қаңтар мен 1 наурыз аралығында «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында 2026 жылы жүзеге асатын ұсыныстар қабылданатыны туралы хабарлаймыз.

Саран қаласының Халық қатысатын бюджетінің мақсаты: азаматтардың бастамалары мен ұсыныстары негізінде қала аумағын дамыту және абаттандыру.

Жоба ұсыныстарына қойылатын талаптар:

1) Жоба ұсынысының атауы бір ұсыныс шегінде қысқаша баяндалуы тиіс және берілетін жоба ұсынысының мақсатына қайшы келмеуі тиіс;

2) жоба ұсыныстары келесі өлшемдерге сәйкес келуі керек: бір өтінім-бір объект;

Саран қаласының тұрғындары үшін өзекті;

қала тұрғындары үшін қолжетімді, ортақ пайдаланылатын объект;

3) жүзеге асуы жоспарланған объект қала аумағында және коммуналдық меншіктегі жер учаскесінде орналасуы тиіс;

4) жобалық ұсынысты іске асыру Саран қаласы әкімдігінің құзыреті шегінде болуы тиіс.

Халық қатысатын бюджет шеңберінде қарауға қабылданбайтын жоба ұсыныстары:

1) жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге ғана есептелген;

2) тұтас емес, яғни фрагменттік сипаттағы (элементтерінің біреуін орындау болашақта қосымша элементтерді енгізуді қажет етеді);

3) Саран қаласының бекітілген бағдарламасына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін;

4) жеке коммерциялық сипаттағы жобалық ұсыныстарды іске асыруды көздейтін.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы шеңберінде азаматтар әкімшісі «Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ болатын іс-шараларға қалалық бюджет қаражатын бөлуге қатыса алады.

Жобалық ұсыныстарды іске асыру мерзімі бір бюджеттік жылдан аспауы тиіс.

Кәметке толған Саран қаласының барлық тұрғындары өз ұсыныстарын жібере алады.

Ұсыныстарды Саран қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсындағы «Халық қатысатын бюджет 2025» бөлімінен жіберуге болады. Іске асырылатын жобалар қала тұрғындарының жария дауыс беруі арқылы анықталады.

Жоба ұсынысына автор міндетті түрде шығыстардың болжамды немесе нақты сметалық есебін, сондай-ақ жобаның фото/эскиз/макет/сызбасын (оларды интернет-ресурстан пайдалануға болады) қоса береді немесе автор жоба ұсынысын беру кезінде интернет-ресурстан жобаның эскиздері мен шығыстар сметасын қамтитын жобалық ұсыныстардың үлгілік тізімінен іске асырылатын жобаны таңдайды.

Объявление!

Уважаемые жители города Сарани!

Извещаем вас о том, что с 20 января по 1 марта 2025 года будет осуществляться прием предложений в рамках проекта «Бюджет народного участия» для их реализации в 2026 году.

Целью Бюджета народного участия города Сарани является развитие и благоустройство территории города на основании инициатив и предложений граждан.

Требования к проектным предложениям:

1) название проектного предложения должно быть изложено лаконично, в пределах одного предложения и не должно противоречить цели подаваемого проектного предложения;

2) проектные предложения должны отвечать следующим критериям:

одна заявка - один объект;

актуальность для жителей города Сарани;

объект общего пользования, без ограниченного доступа для жителей города;

объект должен располагаться на территории города, где планируется его реализация, и на земельном участке, находящимся в коммунальной собственности;

3) реализация проектного предложения должна находиться в пределах компетенции акимата города Сарани.

В рамках Бюджета народного участия не могут приниматься к рассмотрению проектные предложения, которые:

1) рассчитаны только на разработку проектно-сметной документации;

2) не являются целостными, а имеют фрагментарный характер (выполнение одного из элементов в будущем потребует реализации дополнительных элементов);

3) не соответствуют утвержденной программе города Сарани и законодательству Республики Казахстан;

4) предусматривают реализацию проектных предложений частного коммерческого характера.

В рамках проекта «Бюджет народного участия» граждане могут принимать участие в распределении средств городского бюджета по мероприятиям, администратором которых является ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Сарани».

Срок реализации проектных предложений не должен превышать одного бюджетного года.

Свои предложения могут отправлять все жители города Сарани достигшие совершеннолетия.

Предложения можно отправлять на официальном интернет-ресурсе акимата города Сарани в разделе «Бюджет народного участия 2025». Публичное голосование жителей города определит проекты для реализации.

К проектному предложению, автором обязательно прилагается ориентировочный или точный сметный расчет расходов, а также фото/эскиз/макет/схема проекта (возможно, их использование из интернет-ресурса), либо автор в момент подачи проектного предложения на Интернет ресурсе выбирает проект к реализации из списка типовых проектных предложений, который включает в себя эскизы и смету расходов на проект.



«САРАН ҚАЛАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВИ» КММ –НІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ



«Саран қаласының мемлекеттік архиві» КММ –сі Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы бекітілген «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» № 326-І Заңын басшылыққа алады. Олардың негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарын мемлекеттік есепке алу, сақталуын қамтамасыз ету, ведомстволық архивтерге әдістемелік көмек көрсету, жеке және заңды тұлғалардың сұраныстарын орындау болып табылады.

2024 жылға арналған жылдық жоспар бойынша архив қызметінің бағыттары мен нәтижелерінің көрсеткіштерін орындау мақсатында бір аз жұмыстар атқарды.

Архивтің қор каталогы бойынша 235 қор бар, оның ішінде тұрақты сақталатын -78 қор, жеке құрам бойынша – 155 қор, жеке тектік бойынша – 2 қор сақталуда. Архивтің төлқұжаты бойынша барлығы -118082 құжат бар. Оның ішінде тұрақты сақталатын – 32669 сақтау бірлігі, жеке құрам бойынша 84870 сақтау бірлігі, жеке тектік бойынша -262 сақтау бірлігі, фото құжат – 200 сақтау бірлігі, бейне құжат – 14 сақтау есебі бар.

Есептік кезеңде Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында қағаз негізіндегі 155 істің 12546 құжат парағы қалпына келтіріліп (реставрацияланды), 78 сақтау бірлігі тігілді. Сонымен

Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының қалыптастыруда заңды тұлғалардан басқармалық құжаттамадан - 117 сақтау бірлігі, фотоқұжат - 17 сақтау бірлігі, бейне құжаттан -1 сақтау есебі, жеке тектік құжаттардан – 67 сақтау бірлігі жеке құрам бойынша – 265 сақтау бірлігі мемлекеттік сақтауға қабылданды.

Құжаттарды Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорының құрамына басқармалық құжаттамадан - 117 сақтау бірлігі, жеке тектік қор - 67 сақтау бірлігі, фотоқұжат -17 сақтау бірлігі, бейнеқұжат – 1 сақтау есебі, жеке құрам бойынша – 265 сақтау бірлігі бекітіліп енгізілді.

Ақпараттық қызмет көрсету және құжаттарды пайдалану жұмыстары бойынша архивте жалпы - 61 іс-шара өткізілді. Оның ішінде: 3-көрме, 7-семинар, 2-кездесу, 20-дөңгелек үстел, 7-сабақ, 7-мақала, 4-есік ашық күні, басқада – 11 іс-шаралар өткізілді.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша архивтік анықтаманы қалай алуға болады?» атты бейнеролик жасалды, ол қала әкімшілігінің орталық көшесінде LED-экранда 3 ай бойы халыққа ақпараттық хабарландыру бойынша орналастырылды.

«Архивтік анықтама, архивтік құжаттардың көшірмелерін және архивтік үзінділерді беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін 2020 жылғы 29 мамырдағы Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің №159 бұйрығымен бекітілген «Архив ісі саласында мемлекеттік қызметтер көрсету» қағидасы бойынша жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету жұмысы 3 бағытта көрсетіледі:

- Архив кеңсесі арқылы;
- Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы;
- Электрондық үкімет веб-порталы арқылы. Өтініштер архив кеңсесі арқылы келіп түскен сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінгенде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі

стырылған. Архив анықтамаларын беру бойынша жеке және заңды тұлғаларға электронды қызмет көрсетуде «Бірыңғай құжаттардың электрондық архиві» ақпараттық жүйесінің «Архивтік анықтама» модулінде сұраныстар тіркеліп, электрондық мемлекеттік қызмет көрсетіледі.


2024 жылғы әлеуметтік - құқықтық сипаттағы жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен сұраныстарды орындау жұмыстарының көрсеткіштері бойынша 2255 сұраныс келіп түскен. Оның ішінде:

2024 жылы барлығы 2255 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде:

- Мемлекеттік корпорация (ХҚКО) арқылы - 23;
- электрондық үкімет порталы (Egov) арқылы – 1178;
- қағаз жеткізгіште-1054(физика-622, юр.- 432).

Есептік кезеңде келіп түскен 2255

Қазіргі таңда архив саласында атқарылып жатқан жұмыстардың бірі - электрондық архив жүйесі. Электронды архивтің негізгі міндеті – еліміздің архив қорындағы құжаттарды жинақтау, тізімге алу, сақтау және пайдалану секілді архив қызметінің негізгі бағыттарын ақпараттандыру. Яғни, тиісті бағдарлама бойынша архивтегі құжаттар сандық форматқа енгізіледі. Бұл бағдарлама 2020 жылдан бастап біздің архивімізде қолданысқа енгізілді. Кеше мен бүгінгіні салыстырмалы түрде қарасақ, жұмыс жасау жылдамдығы мен тиімділігі арта түсуде. Архивте жоғары жылдамдықты сканерлермен жабдықталып, құжаттар сандық жүйеге қосылуда. Қандай да бір мекемеден немесе жеке адамдардан сұраныс түскен кезде құжаттарды сөрелерден іздеп жүрмейді. Егер белгілі бір азамат туралы мәлімет керек болса, компьютерден іздеп тауып алуға мүм-



сұраныстың оның ішінде: оң нәтижелі -1982 сұраныс, теріс нәтижелі -273 сұраныс, бейінді емес - 0 сұраныс. Теріс нәтижелі түскен сұраныстар бойынша құжаттары мемлекеттік сақтауға өтпеген.

Тақырыптық сипаттағы сұраулар түскен жоқ. ТМД елдерінен орындалған сұраныстар – 402. Қазақстан бойынша- 1853. 2024 жылы есептік кезеңде мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде бас тартулар болған жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына белгіленген мерзімдерді бұзу, шағымдар болған жоқ. Мемлекеттік қызметтер көрсетуді бақылау жөніндегі жұмыс тұрақты бақыланады. Архив құжаттарынан алынған өзекті тақырыптар бойынша бұқаралық ақпараттық құралдары арқылы Қазақстан архивтер журналына, Саран газеттеріне мақала дайындап шығарады, көрмелер кездесулер ұйымдастырылады. Жыл сайын Саран қаласының прокуратурасымен бірлескен «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты дөңгелек үстелдер, «AMANAT» партиясымен мемлекеттік қызмет көрсету жұмыстары бойынша ашық есік күні өткізіліп отырады. Архивтік анықтамаларды алуда мемлекеттік қызметтің сапалы және уақытылы қызмет көрсетуде тоқсан сайын ХҚКО – мен бірлесіп семинарлар, ашық диалог, халыққа түсіндіру жұмыстары бойынша буклеттер таратылады. Саран қаласының ақпараттық archivsaran.kz сайты үнемі жұмыс істеп, жүйелі түрде ақпарат пен хабарламалармен толықтырылып тұрады. Ресейдің Омск және Томск және т.б. архивтерінің сайт арқылы архивтік құжаттарынан алуда тәжірибелік алу жұмыстарымен алмасуда. Биыл (Arhivsaran.kz) сайтында барлық қаралған сандар саны- 13731 құрады.

кіндік туады. Бұрын бір құжатты табу үшін көп уақыт кететін болса, бүгінде электронды жүйені қолдану арқылы жұмыс жеңілдеп, уақыт үнемделетін болады. Архив құжаттарын цифрлық форматқа көшіру – өңірдің тарихы үшін, ертеңгі болашағымыз үшін аса маңызды. Сондықтан біз бағдарламаны жүзеге асыру барысында құжаттарды сапалы түрде сақтап, қоғамға тиімді жолмен, әрі оңай ақпарат бере алуымыз керек.

Саран қаласының мемлекеттік архиві Е-Архив жүйесіндегі «Толықтыру көзі», «Қорлар», «Қор істері», «Байқау істері» бөлімдеріне құжаттарды цифрлық форматқа өткізіп, жүйеге енгізу жұмыстарын қарқынды жүргізуде.

Архив және болашақ ұрпақ» республикалық жобасы (экскурсия) 2024 жылғы 19-20 қыркүйек күндері Саран қаласының Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі мен №7 мектеп-интернаты мекемелерінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрлігінің бастамасымен өткізілді.

Архив қызметкерлерін «Архивистер күніне» орай салтанатты іс-шара облыстық басқармада өткізілді. Сонымен қатар Саран қаласы әкімінің алғыс хаттарымен марапатталды.

2024 жылы облыстық бюджеттен Саран қаласының архивінде 57 млн 929 мың теңге игерілді.

Архив қызметкерлері архив қызметінің барлық бағыттары бойынша белсенді жұмыстар атқаруда. Архив қызметі саласында ел игілігі үшін жасалатын жұмыстар алдағы уақытта жылдық жоспарға сай жалғаса бермек.

А. КУЛЖАНБЕКОВ,
Саран қаласының мемлекеттік архив басшысы

Сақтау бірліктерінің саны



қатар, архивте басқарушылық құжаттар бойынша – 48 сақтау бірлігі, 12768 парағына физикалық және санитарлық биологиялық жай - күйі тексерілді.

Мемлекеттік архив жекелеген мекемелердің ведомстволық архивтердің жұмысына да көңіл бөледі. Жинақтау көздерінің тізіміне жататын 39 мекемелер мен ұйымдар және кәсіпорындарының жеке архивтерінің қалыптастыруын, құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету, 4 мекеме істер номенклатурасын келістіріп, 5 мекемеге іс қағаздарының дұрыс ресімделуіне сәйкес, әдістемелік – тәжірибелік көмек көрсетті.

11 (он бір) жұмыс күні ішінде беріледі. Жылына Қазақстанда ғана емес, алыс – жақын шет елдерден 2000-3000-ға тарта әлеуметтік-құқықтық, тақырыптық сұраныстар түсіп уақытылы орындалады. Архивке азаматтардың зейнеткерлікке шығу үшін еңбек өтілін, еңбек ақыны есептеу, үй құжаттары, жер бөлу, қала әкімінің өкімі, шешімдерінің және сот құқық қорғау органдарынан т.б. өтініш түрлері жиі келіп түседі. Мекемеде цифрлық технологияларды пайдалану мақсатында, электрондық үкімет веб порталы арқылы, электрондық қызмет алу үшін азаматтарға өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары орнала-

БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМНІҢ 30 ЖЫЛЫ

ҚАЗАҚ ТІЛДІ БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП IPHONE 15 ҰТЫП АЛДЫ

Саран қаласының тілдерді дамыту орталығы жылды сүйінші хабардан бастады. Өткен жылы ғана 10 жылдығын атап өткен орталықтың тыңдаушысы, бүгінде «Мәміле» тілдесу клубының мүшесі Анастасия Абрамович «TilQazynaQaragandy» облыстық жобасы аясында ұйымдастырылған байқауда 1-орынға ие болып, iPhone 15-ті иеленді.

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың қолдауымен жүзеге асқан бұл жоба мемлекеттік тілді дәріптеуге бағытталған. Осы жоба аясында 2024 жылы облыс көлемінде өзге ұлт өкілдері арасында байқау ұйымдастырылды. Ал оның нәтижесі таяуда ғана баян етіліп, көпті бағалы сыйлықтарымен қуанта түскен.

Қазақ тілін дамытуға сүбелі үлесін қосқан бұл байқаудың шарттары да өзгелерден ерек. Оған балалардан бастап, ересек тұрғындарға дейін қатысты. Тек 14 жасқа дейінгі қатысушылар Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығының бөлім меңгерушісі, п.ғ.м., тіл маманы, әдебиетші, ғалым Жақан Жұпар Рысқұлқызының балаларға арналған «Чипси мен шибалуырсақ» шығармашылығымен таныса, 14 жастан асқан азаматтар Дулат Исабековтің «Гауһар тас» повесін оқып, осы шығармалар бойынша тест сұрақтарына жауап беріп, мемлекеттік тілде ашық диалог алаңына қатысқан.

Саран қаласының тілдерді дамыту орталығы әрдайым өзінің тыңдаушыларына ерекше қолдауын білдіріп, олардың мүмкіндіктерін барынша ашуға ынталы. 2021 жылдан бері ашылған «Мәміле» тілдесу клубының мүшелері соңғы үш жылда ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге жетуде. Бұл әлбетте, ең бірінші - жүйелі жұмыстың жемісі.

- Біз қазақ тілін 2024 жылдың сәуір айынан бастап ұжыммен бірге үйрене бастадық. Қазақ тілі курсының екі кезеңіне де қатыстым. Осы байқау жайлы «Мәміле» тілдесу клубына барып жүргенде білдім. Қалалық тілдерді дамыту орталығының директоры Альбина Нурмаханова қаты-



сып көруге ұсыныс білдіргеннен кейін, бағымды сынап көруге бел будым - деді Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жұмыспен қамту секторының меңгерушісі Анастасия Абрамович.

Байқау «Мәміле» тілдесу клубының мүшесіне ұмытылмас әсер сыйлаған.

«Гауһар тас» кітабы көңілінен шығып, тестілеуден де сүрінбей 19 сұраққа дұрыс жауап берген. Оның айтуынша: «Мен бірінші орынды алғанымды естігенде, шыны керек, өз құлағыма өзім сенбедім. Тіпті, орын аламын деп ойлаған да жоқпын. Өзімнің өмірлік ұраным: «Тек алға! Қиындықтардан қорықпай, жаңа

нәрсені меңгеруге ашық бол!». Осы ұстанымның арқасында «нар тәуекел» деп қатысқанымна қуаныштымын. Осымен тоқтап қалмай, әріқарай да «Мәміле» тілдесу клубына барып тұрамын. Мемлекеттік мекеменің қызметкерімін, мемлекеттік тілді үйренуді жалғастыратын боламын».

Саран қаласының тілдерді дамыту орталығында ересектер мен балалар арасында «Мемлекеттік тіл – мерейім», үш тілді жетік меңгерген жастар үшін «Тіл шебері», елімізде тіл туралы заң мен тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын жүзеге асыруға бағытталған «Ұлттық ономастика - ел айнасы» қалалық байқаулар дәстүрлі түрде ұйымдастырылады. Орталық өзінің тыңдаушыларын, байқауға қатысқан азаматтарды құр-қол жібермеген. Жұлделі орындардың иегерлеріне бағалы сыйлықтар, ақшалай сертификаттар беріп тұрады. Қалған қатысушыларға да естелік сый-сияпаттары болады.

Бастысы – тіл үйренуге деген ниет. Ниет болса, тегін түрде қазақ тілін және шет тілін меңгеруге бар жағдай жасалған. Жыл сайын өткізіп жүрген «Үздік тыңдаушы» қалалық байқауының нәтижесін көріп те, мамандардың еңбектері зая кетпегендеріне көзіміз жетуде. Себебі, орталыққа келген тыңдаушылар тек қалалық байқаулардан ғана емес облыстық жобалардың жүлдегері де атанып жүр.



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ



АДАМДЫ МҰРАТҚА ЖЕТКІЗЕТІН – ТІЛІ МЕН АТА – ДӘСТҮРІ

«Таңдамалы тәтті тіл – Абай тілі, ақынға дос, жаңына тиеді жылы. Шымырлатып дегенді, сүйсіндіріп, шертіледі жүректің нәзік қылы» - деп ақын Иса Байзақов жырлағандай, бұл – қазақ халқын әлемге танытқан ұлы Абайдың, қазақ әліпбиінің атасы Ахметтің, сырлы да сұлу шығармаларды тудырған Мұхтардың тілі.

Ана тілі арқылы адамдар өз қуанышы мен толғанысын жеткізеді. Сондықтан да тіл – қадірлі, қасиетті. Әркімнің ана тіліне

деген құрметін анасына, ұлтына, Отанына көрсетілген құрмет деп білуіміз керек.

Иә, тіл, әр адамның бойына ана

сүтімен дарып, қалыптасады. Тіл байлығы – әр елдің мақтанышы, атадан балаға мирас болған баға жетпес мұра. Сондықтан, әр адам ана тілін қадірлеуге міндетті, оны шұбарлап сөйлеуге жол жоқ. Біздің ана тіліміз – шексіз бай, өте көркем тіл. Халықтың тарихта қалуы тіліне байланысты. Жеке бір адам ұлт тілін жасай алмайды. Тіл – әр халықтың жазуы жоқта кітабы, мектебі жоқта ұстазы болған. Адамды мұратқа жеткізетін – тілі мен ата – дәстүрі.

Тіл еліміздің рухани дүниесін

нығайтып, адамдарды татулық пен бірлікке, өскелең ұрпақты патриотизм мен жалпы адамзаттық ынтымақтастыққа тәрбиелеуге қызмет етеді. Қазақ тілінің өркендеуі, дамып, қанат жаюы – Қазақ елінің азаматтарына байланысты. Бәрінің бастау негізі халықтың қазына қайнарында, ақыл – парасатында жатыр. Тәуелсіз елдің басты белгілерінің бірі – тіл. Тіл мәртебесін көтеру – өз халқына жаны ашитын әр азаматтың борышы.

Қазақ халқының біртуар ба-

тыр ұлы Бауыржан Момышұлы «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата – бабамызды, тарихымызды ұмыту», - деген еді. Олай болса, ана тілімізді құрметтеп, сүйе білейік. Бүгінгі ұрпақ ана тілінде жетік сөйлеп, білімді, мәдениетті болулары керек. Сол себепті, тәуелсіздікті баянды еткіміз келсе, тіліміздің туын биік ұстайық!

Ж. ДЖУМАШЕВА,
Саран қаласының
полиция бөлімі

БІЛІМ

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ: ҚАНДАЙ ШАРАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНАДЫ?



Білім беру ұйымдарының ынтымақтастығын дамыту және нығайту мақсатында 20 қаңтарда Саран техникалық колледжінде «Саран қаласының білім беру ұйымдарының тиімді қарым-қатынасы» атты дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараға Саран қаласы білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Г.А. Баяндина, жастар ресурстық орталығының басшысы С. Д. Ақанова, Саран қаласы мен Ақтас кентінің мектеп басшылары және кәсіби бағдар берушілер қатысты. Дөңгелек үстел барысында №9 облыстық арнайы мектеп-интернатының, №6 жалпы білім беретін мектептің және жастар ресурстық орталығының кәсіптік бағдар беру жұмысы туралы ақпараттар тыңдалды.



Сондай-ақ, Саран техникалық колледжі қатысушыларды жұмысшы мамандықтар жылын өткізу жоспарымен, мектеп түлектерін кәсіби бағдарлау шеңберіндегі іс-шаралармен таныстырды.

Колледж директоры А.М. Есімханова еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа мамандықтардың ашылу перспективалары және контингенттің ұлғаюына қатысты мағлұматтар берді. Қатысушылар оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау

шеңберіндегі білім беру ұйымдарының проблемалық мәселелерін, перспективалары мен міндеттерін талқылады. Білім беру ұйымдарының басшылары оқушыларды ерте бейімдеудің тиімділігі туралы атап өтті. Іс-шара соңында қатысушылар ынтымақтастықты одан әрі жалғастыру жөнінде талқылады.

А.БИТУОВА,
Саран техникалық колледж директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

ОЧС ИНФОРМИРУЕТ

Проявить свои лучшие качества

В минувшую пятницу в Центре детско-юношеского творчества «Дом Дружбы» состоялась профориентационная встреча для учащихся старших классов, в которой приняли участие школьники 9 - 11 классов.

В беседе с ребятами, которая прошла на позитивной дружеской ноте, начальник Отдела по чрезвычайным ситуациям нашего города С. Анищенко и инженер отдела М. Жүнісбек подробно рассказали о поступлении в специализированные высшие учебные заведения, которые сегодня пользуются большой популярностью сре-

ди юношей и девушек.

